

М.И. ВАНСВАНОВ, Ю.А. МЕНЧИШЕВА, Д.Д. МЕНЖАНОВА, Э.К. ИЛЬЯСОВА
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті
Хирургиялық стоматология кафедрасы

МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ ҚҰРАЛЫН ЖАСАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ҚАДАМДЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ

УДК 61:378.126

Мақала HTML, EXE форматындағы электронды оқу құралын қадамды түрде құрастыру, жинақтау, және қолдану тәжірибесін талдауға арналған, Қазақстан Республикасының білім саласында электронды оқулық басылымдарды енгізу және қолдану сұрақтармен айналысатын оқушыларға және медицина саласындағы басқада мамандарға арналған. Turbo Site компьютерлік бағдарламасының электронды басылым түрінде қолданылғанын тексерісі жүргізілді. Ұсынылған әдістің тиімділігін анализі берілді.

Түйінді сөздер: медициналық білім, электронды оқулық басылым, HTML форматы, жұмысшы бағдарлама.

Көптеген авторлардың ойынша, қазіргі кезде медициналық білім берудің негізгі мақсаты бұл сандық технологиялар [1]. Персональді компьютердің пайда болуы көбінесе мамандандырылмаған дербес пайдаланушылардағы ақпаратты талдау мен өңдеу қажеттілігінің артуы себепші болды [2].

Әдебиетті талдау нәтижесінде электронды оқу құралдарына белгілі бір талаптар болатындығы анықталды. Олар тақырыптың толық мазмұны болуына кепілдік беруі тиіс, көрнекілік қасиетіне – сызықты мәтін кешені мен визуальді дидактикалық материал (соның ішінде аудио мен видео) ие болуы шарт, себебі бұл түсінуді жеңілдетеді, жаңа терминдерді есте сақтауға, мануальді машықтарын жақсартуға, бөлек тараулар арасындағы құрылымдық байланысты электронды оқу құралының элементтері арқылы түсінуге, интерфейс пен навигацияның жайлылығын анықтауға көмектеседі. Талапкерде оқу құралымен өз бетінше меңгеру мүмкіндігі болуы тиіс. Электронды контент ашық және бос, яғни қолға тиімді болуы тиіс, қосымша бағдарлама орнатуды талап етпеуі тиіс. Сонымен қоса, өзін өзі бақылау мен автормен кері байланыс орантылуы шарт. ЭОҚ өзінің жіберілу түріне қарамастан кепілді түрде жұмыс жасау тиіс. Контент құрушыда құрылым мен материалдарды өзгерту мүмкіндігі болуы тиіс [3, 4, 5, 6].

ЭОҚ тағы бір маңызды факторының бірі – ол ЭОҚ баспалы құралдан айырмашылығы бұл бағысының арзан болуы [7].

Бірақ электронды оқу құралын жасаудың мемлекеттік стандартты ережелеріне қарамастан, медициналық білім беру саласындағы басты әдістемелік кітаптар ретінде дәстүрлі баспалы оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулар және жекелеген мультимедийлі баспалар болып табылады.

Осының бірден бір себебінің бірі бұл медициналық білім беру саласында электронды контент құрушының бағдарлама жасау машығы болмайды, сондықтан да олар толық электронды құралды өздігінен жасай алмайды. BISAM атты компаниясының маркетингтік және әлуметтік зерттеулері бойынша жүргізілген сауалнамалар бойынша, Қазақстан Республикасында көбінесе жаратылыстану ғылымдарының өкілдерінің ішінде (медициналық және ауылшаруашылық өкілдерді қосқанда) компьютерде жұмыс жасай алмайтындар болған жоқ. Шамамен жарты респонденттер өздерін қарапайым тұтынушы ретінде, ал 30% - тәжірибелі пайдаланушы ретінде жайғастырды [8]. Бұл сандық

технологияларды медициналық білім беру жүйесіне толассыз енгізу үшін жеткіліксіз.

Техникалық себептердің көп болуынан ЭОҚ жасаудың және дидактикалық материалдарды дайындаудың әмбебап технологиясы жоқ.

Оқу үрдісіндегі электронды білім беру басылымдарын проектилеу әдістемесі, оны жасау және қолдану ақпараттық және телекоммуникационды технологиялардың дамуы әлдеқайда артта қалуда [9]. Осының барлығы міндетті түрде білім беру жүйесінің сапасы мен ақпараттандыру үрдісінің таралуына әсерін тигізеді.

Зерттеудің мақсаты: ҚазҰМУ мұғалімдерінің бағдарлама құру машықтарының деңгейін талдау және электронды оқу құралдарын жасау тәжірибесін жалпылау болды. ЭОҚ жасаудағы негізгі мәселелерге назар салу және оларды шешу туралы кеңес беру. Негізгі құрал ретінде TurboSite бағдарламалық қосымшаны қолдана отырып мысалын көрсету.

Материалдар мен әдістер: ҚазҰМУ мұғалімдерінің техникалық дайындығын тексеру мақсатында тестілеу өткізілді. Персональді компьютерді қолданудың қарапайым машықтары бар ҚазҰМУ көптеген мұғалімдеріне арналған, яғни HTML, EXE форматындағы ЭОҚ жасаудың, құрастырудың және жинаудың қол жетімді әдістері TurboSite, NatataeBookCompiler қосымша бағдарлама жүйесінде енгізілді. Жүргізілген тренингтер қорытындыларының талдауы Х.С. Насибуллина атындағы педагогикалық біліктілік орталығында жүргізілді.

Қорытындылар және оларды тақылау:

Заманауи бағдарламалық қосымшалар мен технологиялар мұғалімдерге программалауды арнайы білімсіз және машықтарсыз жасауға мүмкіндік береді. Мұғалімдерді тестілеу нәтижесі көрсеткендей, персональді компьютерді жоғары дәрежеде меңгеру тек 24%, қарапайым қолданушылар 74% және мүлдем қолдана алмайтындар 2% құрады. Осыған орай, мұғалімдердің басым көпшілігі электронды контентпен жұмыс жасай білсе де олардың техникалық дайындығы электронды оқу құралын өз бетінше жоспарлап және құрастырып жасауға мүмкіндігі жоқ.

Сондықтан да біздің зерттеушілердің басты мәселесі бұл электронды оқу құралын жасау әдісін ПК қарапайым қолданушысы үшін барынша қол жетімді және түсінікті ету болды.

Тестілеу барысында, ЭОҚ үшін таңдалған форматтар мен бағдарламалық жүйелерге қойылатын бірнеше талаптар болды. Біріншіден – жұмыс бәрімізге белгілі

мәтіндік редакторлардан күрделі болмау керек, MicrosoftWord. Екіншіден, көбінесе бағдарламалар орыс тілінде болуы тиіс болды. Үшіншіден, қосымшалар интернет жүйесінен еркін жүктелетін және тегін болуы тиіс.

Негізгі басты формат ретінде біз өз таңдауымызды құжаттарды белгілеудің стандартты тілінде болатын HTML (HyperTextMarkupLanguage) жасадық. Бұдан басқа, оны қолдану ЭОҚ жасаудағы әдістерді меңгеруді жеңілдетеді, форматтың негізгі артықшылығы бұл мәтін басылымындағы гиперсілтеме қою мүмкіндігі, сол арқылы басылым ішінде және сыртында құжатқа немесе ресурсқа ауысу мүмкіндігі бар [10]. Жекелеп айтқанда, гиперсілтеме арқылы автормен немесе басылым басшылығымен электронды пошта арқылы хабарласуға болады, қолданылған әдебиеттер тізімімен танысуға болады, иллюстрацияны шақыртып, мәтін фрагменті мен тағы басқа қосымшаларды нақтырақ түсінуге болады. HTML құжаттарының негізі бұл қарапайым мәтіндік файлдар, оның ішіндегі қарапайым символдары ASCII кодировкасында ұсынылады. Бұл файлдар кез келген мәтіндік редакторларында түзетіледі, өзгертіледі және қол жетімді болады. HTML басылымының қарапайым мәтіннен ерекшелігі бұл арнайы бұйрық беруі - теги, ол құжатты форматтаудың ережелерін көрсетеді [11, 12].

ЭОҚ жасаудың құралы ретінде біз TurboSite бағдарламасын қолдандық. HTML редактор парақшаларының көпшілігі ішінен нәліктен біз TurboSite таңдадық? Себебі, қазіргі таңда, бұл тегін, орыс тілінде, арнайы маман болмаса да түсінуге оңай және парақшаларының генерациялау мүмкіншілігі бар жалғыз бағдарлама. Бұрын HTML парақшаларымен дұрыс жұмыс жасау үшін және жұмыс істей алатын тегтерді жазу үшін және оларды түзету үшін кем дегенде жергілікті сайтта жұмыс істеу керек болатын. Ал жергілікті сайтты жасаудың өзі қарапайым қолданысуға айтарлықтай қиындықтар туғызатын. Бұл бағдарлама толық автономды, жұмыс істейтін веб сайттың парақшасын немесе ЭОҚ алуға көмектеседі. Бұрын жаңа парақша қосу үшін навигацияға арналған барлық сілтемелерді қолмен және HTML кодымен жаңарту керек болатын. Ал мұның өзі арнайы мамандардың жұмысы. TurboSite барлық жаңартулар мен операцияларды автоматты түрде жүргізеді және автордың қатысуынсыз орындайды. Парақшалар тегіндегі өзгерістер және жаңадан қосылғандар да қайта енгізіледі, сондықтан да осы бағдарламамен жұмыс жасауды ыңғайлы және жайлы етеді. Бағдарламаны оқып білу оңай. Бағдарламамен жұмыс жасағанда ол компьютерді шамадан тыс жүктеп тастамайды, бағдарламаны орнату тез және орыс тілінде болса онда тіпті оңай, қарапайым ойыншық тәрізді.

Бағдарлама ЭОҚ толық проектін өз форматында сақтайды, проектге қайта оралып электронды оқу құрлына түзетулер, өзгертулер, қосымшалар мен жаңартулар енгізу мүмкіндігін береді.

Оқу үрдісінде HTML форматындағы ЭОҚ қолдану қиынға соғады, себебі электронды оқу құралы физикалық тұрғыдан папкалар кешені мен HTML файлдарынан тұрады. Көбінесе бұл кітаптарды оқушыларға көбейту мен беруді қиындатады. Кейде кітап файлдарын кездейсоқ немесе бұйрықпен зақымдалуы және жойылып кетуі мүмкін. Сондықтан да жұмыстың барлық нәтижелері жойылып кету қаупі жоғары болады. Бұдан басқа, авторың өзіндік

интеллектуальді еңбегінің пиратты жолмен ұрланып көшіру туралы сұрақтың шешілмеуі орын алды.

EXE форматындағы HTML парақшаларын компиляциялау барлық папкаларды бір файлға дейін қысып жинауға мүмкіндік береді. Арнайы дайындығы бар жоғары дәрежедегі маман болмай, ешкім EXE форматынағы ЭОҚ зақымдай алмайды және оны сындырып ішіне кіре алмайды.

Қазіргі кезде EXE форматындағы барлық бағдарлама-компиляторлары тегін емес. Бірақ ғаламторда бұрынғы ескі түрлеріне тегін сілтемелері бар.

NatataBookCompilerv2.1 бағдарламалық қосымшасы кітаптың барлық файлдарын, видеоны, және exe-файлды компиляциялай алады. Іздеу мен навигация үшін кейбір құралдар қарастырылған, ол сілтеме жасау, сурет қою. Дайын проектін түзету мүмкін емес. "NatataSoftware" фирмасының бағдарламасын оның туған сайтынан Natata жүктеген дұрыс, ол жерде оны тегін жүктеуге болады немесе Gold түрін сатып алуға болады. Бірақ көбінесе тегін түрлерінде **NatataBookCompilerv2.1, v2.2** кейбір шектеулері бар. Оларда жүктейтін файлдар шектеулі болады (50 ден көп емес). Бұл туралы біз жоғарыда айтқанбыз. Егер әділ болатын болсақ, электронды оқу құралдарымен жұмыс жасағанда 5жыл ішінде біз бр projectге 40 -50 файлдан артық жүктемейтінбіз. Сондықтан да бұл шектеу біз үшін қорқынышы емес. Болмаған жағдайда проектін материалы екі кітапқа бөлінеді. Бұдан басқа, проектін қолдану кезінде оны шектеуге пароль қойылмайды. Бағдарламаның төлем ақымен алған түрінде ешқандай кемшілік болмайды. Сонымен қоса, төлем ақымен алынған нұсқаларында кітіпті шифрлау қызметі белсендірілген. Бұл контентке қолжетімділікті шектейді.

Жоғары айтылғандарды қортындылай келгенде, «Бас пен мойын аурулары» пәнінің жұмыс бағдарламасы бойынша студенттің өзіндік жұмысына арналған электронды оқу құралы шығарылды. ЭОҚ тараулар бойынша мазмұны құрамдалған, сызықты мәтіндері мен иллюстрациялары (схемалар, кестелер, суреттер және т.б.), өзін өзі бақылайтын тест түріндегі тапсырмалар мен автормен кері байланыс жүргізетін сілтемелер бар.

HTML форматының компактлігі басылымға видео және аудио файлдарды жүктеуге мүмкіншілік берді. Электронды білім беру жүйесіндегі видеороликтердің орта ұзақтығы 2 минуттан 8 минутқа дейін. Тек қана қажет жағдайда ғана видеороликтің хронометражын ұзартуға болады, бірақ міндетті түрде оқу құралы түйіндемесіне дәріптеу жазылады[13]. Медиа қосымшаға берілген тақырып бойынша оперативті кірісулердің видео және аудио дәрістері енгізілді.

5 курс стоматология факультеті студенттерінің «Бас пен мойын аурулары» пәні бойынша тәжірибелік топтағылардың ағымдағы үлгерім рейтингісі мен емтиханның қорытындылары бойынша орта баға 91,37 болды, бұл баллдық рейтинг жүйесі бойынша А- (үздік) бағасына сәйкес. Бақылау тобындағы ағымдағы үлгерім рейтингісі мен емтиханның қорытындылары бойынша орта баға 88,3, бұл В+ (өте жақсы) бағасына сай.

Алынған тәжірибе негізінде «Медициналық ЖОО электронлы оқу құралын жасау туралы нұсқаулық» құрастырылды, ҚазҰМУ мұғалімдеріне «Медициналық ЖОО HTML, EXE форматында электронды оқу құралын жасаудың қадамды нұсқаулығы» тақырыбы бойынша тренингтер жүргізілді. Сабақ 3 сағаттан, екі күн жүргізілді.

Өткізілген оқудың нәтижелері бойынша, мұғалімдер берілген әдісті толық меңгерді. Бірінші сабақтың соңында оқып жатқандардың 42% бағдарламалық қосымшаны толық меңгерді, ал қалған 68% мұғалім қосымша консультациядан соң толық меңгере бастады. Мониторингті кері байланыс нәтижесінде (анкета мен сұрау) берілген тақырып бойынша жоғары қызығушылық бар екендігі және берілген кадамды нұсқаулықтың ыңғайлы, әрі қолжетімді екендігі анықталды.

Қорытынды:

HTML және EХЕ форматындағы TurboSite, Natatae Book Compiler платформасын қолдана отырып электронды оқу құралын жасау өте оңай, сондықтан да тіпті қарапайым қолданушының өзінде ауқымды қиындықтар туғызбайды.

Әрине, берілген бағдарламалық қосымшалармен жұмыс жасау ЭОҚ алдында тұрған барлық қызметтік тапсырмаларын шеше алмайды. Мысалы, қолданушыларды регистрациялау немесе статистикалық есепке алу. Бірақ оны дұрыс қолдану ақпаратты қорғауға; навигациялауға; мазмұнын қарауды ұйымдастыруда; оқудың траекториясын анықтауда; білімін бақылауда; тестілеуде көмектеседі. Мұндайда жоғарыда айтылғандай, ЭОҚ жасаушыларға арнайы программалау білімі қажет емес. ПК қарапайым қолданушысы болу жеткілікті.

TurboSite бағдарламасы ЭОҚ интерфейсін көрнекі етуге, түсінікті жасауға, навигациясының ыңғайлы

болуына көмектеседі. Шаблондарды қолдану, тек қана уақытты ғана үнемдеп, сонымен қоса оқушы адамды алдын ала ЭОҚ мазмұнымен таныстырады және тапсырмаларды міндетті түрде орындауды, ағым бақылаудағы сұрақ пен жауапты талап етпейді. ЭОҚ проектісін алдын ала қарауға, мүмкіндік береді және түстік гаммасын автор өзі бақылап отырады.

TurboSite базасында жасалған ЭОҚ жергілікті ғаламтор мен ашық кеңістікте де, яғни ғаламдық компьютер торларында да қолданыла беріледі.

ЭОҚ құрамының мазмұнына керекті өзгерістер мен қосымша материалдарды енгізу мүмкіндігіне ие болуы және өзгеріс енгізу барысында бағдарлама кодтарын өзгертпей рұқсатсыз оқу материалдары мен статистикалық мағлұматтарға қол сұғудан қорғауы тиіс.

Үлкен дидактикалық мағынасы бар артықшылық бұл тапсырмалардың тест түрінде болуы. Бірақ бұл жағдайда автор шешуі тиіс: егер оқушы тестті нашар тапсырса қайта оқу керек па әлде тағы бір мүмкіншілігі бар ма және келесі тарауларға өтуі мүмкін бе?

Қазір медициналық ЖОО студенттерінде, дипломнан кейінгі білім алып отырғандарда білім алуы үшін уақытының тығыз болуы орын алуда, сонымен қоса, өз бетінше мамандандырылған білім алу кең таралған. Сондықтан да, электронды оқу құралы қазіргі кезде пәнді өз бетінше меңгеруде теңдесіз материал болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Радченко С.В. Обзор программных продуктов для медицинского образования// Информационные технологии в здравоохранении. - 2001. -№6. - С. 11-13. URL: http://1gkb.infomed.su/01_2_1/.
- 2 The Apple Guide to Courseware Authoring. Apple Computer. – Cupertino: 1989. – 242 p.
- 3 Корнеева И.Н., Савченко И.А. К ВОПРОСУ РАЗРАБОТКИ ЭЛЕКТРОННЫХ УЧЕБНЫХ ИЗДАНИЙ // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 3. – С. 88-94. URL: <http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=17758>.
- 4 Григорьев С.Г., Краснова Г.А., Роберт И.В. и др. Технология создания электронных средств обучения: http://uu.vlsu.ru/files/Tekhnologija_sozdaniya_EHSO.pdf.
- 5 Титова Е.И. О создание электронного учебника // Молодой ученый. – 2015. – № 3. – С. 855–856.
- 6 Русанова Яна Михайловна, Чердынцева Марина Игоревна Опыт создания электронных учебных изданий [Электронный ресурс] // Прикладная информатика. - 2009. - №4. – С. 16-24. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/opyt-sozdaniya-elektronnyh-uchebnyh-izdaniy> .Научная библиотека КиберЛенинка: <http://cyberleninka.ru/article/n/opyt-sozdaniya-elektronnyh-uchebnyh-izdaniy#ixzz4RZbIXQhd>
- 7 Ланкин В., Григорьева О. Электронный учебник: возможности, проблемы, перспективы [Электронный ресурс] // Высшее образование в России. 2008. №2. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/elektronnyy-uchebnik-vozmozhnosti-problemy-perspektivy>.
- 8 Состояние и проблемы казахстанской науки: взгляд изнутри/ Отчет результатов социологического исследования, проведенного по заказу Национального Центр научно-технической информации при поддержке Министерства образования и науки РК// компания маркетинговых и социологических исследований BISAM[Электронный ресурс] . URL:<http://www.bisam.kz/ru/reports-and-publications/otcheti/item/>
- 9 Беляев М. И. Из опыта создания электронных учебников [Электронный ресурс] // Вестник РУДН. Серия: Информатизация образования. - 2009. - №1. – С. 52-59. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/iz-opyta-sozdaniya-elektronnyh-uchebnikov> .
- 10 Явич М.П. Электронный учебник, его преимущества и недостатки // Современные научные исследования и инновации. - 2012. - №10. – С. 95-101. [Электронный ресурс] – Режим доступа. –URL: <http://web.snauka.ru/issues/2012/10/16884>.
- 11 Шалкина Т.Н. Электронные учебно-методические комплексы: проектирование, дизайн, инструментальные средства. – Оренбург: ГОУ ОГУ, 2008. - 160 с.
- 12 Зайцева Л. В., Попко В. Н. Разработка и использование электронных учебников [Электронный ресурс] // Образовательные технологии и общество. - 2006. - №1. – С. 12-21. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/razrabotka-i-ispolzovanie-elektronnyh-uchebnikov>
- 13 М.И.Вансванов, А.М. Ильясов, А.М. Ильясова Электронные учебные издания в современном медицинском образовании [Электронный ресурс] // Вестник казну. - 2014. - №2. - URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/elektronnye-uchebnye-izdaniya-v-sovremennom-meditsinskom-obrazovanii>

М.И. ВАНСВАНОВ, Ю.А. МЕНЧИШЕВА, Д.Д. МЕНЖАНОВА, Э.К. ИЛЬЯСОВА
*Казахский Национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова,
 Кафедра хирургической стоматологии*

СОЗДАНИЕ И ПРИМЕНЕНИЕ ЭЛЕКТРОННОГО УЧЕБНОГО ПОСОБИЯ В СИСТЕМЕ МЕДИЦИНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Резюме: Статья посвящена опыту разработки и применения пошаговой методики создания электронных учебных пособий в формате HTML, EXE, для преподавателей и других специалистов сферы медицинского образования, занимающимися вопросами внедрения и использования электронных изданий в образовательных учреждениях Республики Казахстан. Проведена опрабация использования, в качестве конструктора электронных пособий, программного приложения Turbo Site. Дан анализ эффективности предлагаемой методики.

Ключевые слова: медицинское образование, электронное учебное издание, формат HTML, программное приложение

M.I. VANSVANOV, Y.A. MENCHISHEVA, D.D. MENZHANOVA, E.K. ILYASOVA
*Asfendiyarov Kazakh National medical university,
 Department of surgical stomatology*

DEVELOPMENT AND APPLICATION OF E-LEARNING TOOL IN HEALTH EDUCATION

Resume: The article is devoted to the experience of the development and use step by step procedure of creating electronic textbooks in the format of HTML, EXE, teachers and other specialists in the sphere of medical education, dealing with the implementation and use of electronic media in the educational institutions of the Republic of Kazakhstan. Spend oprabatsiya use, as a designer of electronic manuals, software Turbo Site application. he analysis of the effectiveness of the proposed method.

Keywords: medical education, electronic educational unit, HTML format, software applications

М.И. ВАНСВАНОВ, Ю.А. МЕНЧИШЕВА, Д.Д. МЕНЖАНОВА, Э.К. ИЛЬЯСОВА
*С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті,
 Хирургиялық стоматология кафедрасы*

«БАС ЖӘНЕ МОЙЫН АУРУЛАРЫ» ПӘНІ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ

УДК 61:378.126

«Бас және мойын аурулары» пәні бойынша стоматология факультетінің 5 курс студенттерінің оқу нәтижелері, электронды оқулықтарды қолдану нәтижелері бағаланады. Оқутылатын тақырып бойынша студенттерде электронды контентпен қанағаттандырылған туралы анализдерді талдау жүргізілген. Электронды оқулық басылымдар оқу материалын неғұрлым тиімді игеру, студенттердің білімін кешенді жүйесін қалыптастыруға ықпал етті, сондай-ақ профессорлық-оқытушылар құрамы дәстүрлі білім беру жүйесін түрлендіру мүмкіндігін береді.

Түйінді сөздер: электронды оқу құралдары, медициналық білім, тиімділік, талдау, пән.

Адамзатың ХХІ ғасырға өз дамуының жаңа кезеңінде ақпараттық қоғамға енуі жүріп отыр. Ақпараттың толқынды өсуі, оның сапалық өзгерістері, ақпараттық технологиялардың дамуы – қоғамның сапалық өзгерістеріне әкелді. [2]. Бұл өз кезегінде стоматологиялық бағдар бойынша мамандарды дайындау үрдісіне септігін тигізді.

Орта мектепегі сабақ беру әдістері мен түрлері оқушылардың психологиялық өзгерулеріне әкелді, бұл ЖОО жаңа буындағы талапкерлер мен студенттердің келуіне әкелді, олардың оқу үрдісіне деген талаптары мен жеке қасиеттері қазіргі заманға сай келмей отырған сияқты. Сондықтан да бұл студенттерді оқытуда күтпеген қиындықтар әкеліп отыр.

Осыған орай, студенттерде ойлаудың «бейнелі» түрі, қарым-қатынастың логикалық емес - эмоционалды түрін қалыптастыру, көлемді ақпаратты түсінбеу және оны қабылдаудың күрделі болуы, оқу барысында ойын болмаса басқа жаққа көңілдің ауып кетуі, өз бетінше шешімді тез қабылдау мен оқудың уақытын жоспарлай алмауы, өз бетінше оқуын жоспарлау машықтарының болмауы орын алған. [4]. Өмірдің әрбір бағыттарына ақпараттық үрдістердің екпінді түрде енуі - медициналық білім беру жүйесіне заманауи ақпараттық технологияларды енгізе отырып жаңа білім беру үлгісін жасауды талап етеді. [1, 3]. Компьютерлі технологияларды тәжірибелік түрде қолдану – талапкердің жаңа танымдық белсенділігін арттыру қарастырылады,